



Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2013 жылға арналған төлемақы ставкалары туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 07 желтоқсандағы N 7/80 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 қаңтарда N 2200 тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 495 - бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы заңының 6 - бабы 5 - тармағына және «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы заңының 85 - бабына сәйкес облыстық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2013 жылға арналған төлемақы ставкалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

М. Дүйсенбаев

Облыстық

мәслихат хатшысы

Б. Жүсіпов

«КЕЛІСІЛДІ»

Маңғыстау	облысы	бойынша
Салық	департаментінің	бастығы
К .		Ы с қ а қ о в
« 0 9 »	ж е л т о қ с а н	2 0 1 2 ж .

«КЕЛІСІЛДІ»

Облыстың	Табиғи	ресурстар	және
табиғат	пайдалануды		реттеу
басқармасы			бастығының
міндетін	атқарушы		
О .			Т о қ ж а н о в

« 0 7 »

ж е л т о қ с а н

2 0 1 2

ж .

«КЕЛІСІЛДІ»

Маңғыстау

облысы

бойынша

Экология

департаментінің

бастығы

Д .

Ә л и е в

« 0 7 »

ж е л т о қ с а н

2 0 1 2

ж .

О б л ы с т ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

7

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 7/80 шешіміне қосымша

Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2013 жылға арналған төлемақы ставкалары

1. Тұрақты көздерден ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары:

Р е т №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)	1 килограмм үшін төлемақы ставкалары (АЕК)
1.	Күкірт тотықтары	20	
2.	Азот тотықтары	20	
3.	Шаң және күл	10	
4.	Қорғасын және оның қосындылары	3986	
5.	Күкіртсутек	124	
6.	Фенолдар	332	
7.	Көмірсутектер	0,32	
8.	Формальдегид	332	
9.	Көміртегі тотықтары	0,32	
10.	Метан	0,02	
11.	Күйе	24	
12.	Темір тотықтары	30	
13.	Аммиак	24	
14.	Алты валентті хром	798	
15.	Мыс тотықтары	598	
16.	Бенз(а)пирен		996,6

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудан ластағыш заттардың

шығарындылары үшін төлемақы ставкалары:

Р е т №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)
1.	Көмірсутектер	44,6
2.	Көміртегі тотықтары	14,6
3.	Метан	0,8
4.	Күкірт диоксиды	200
5.	Азот диоксиды	200
6.	Күл	240
7.	Күкіртті сутегі	1240
8.	Меркаптан	199320

3. Қозғалмалы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары:

Р е т №	Отын түрлері	Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін ставка (АЕК)
1.	Этилденбеген бензин үшін	0,66
2.	Дизель отыны үшін	0,9
3.	Сұйытылған, сығылған газ үшін	0,48

4. Ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды қ ұ р а й д ы :

Р е т №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)
1.	Нитриттар	1340
2.	Мырыш	2680
3.	Мыс	26804
4.	Оттегіне биологиялық сұраныс	8
5.	Тұзды аммоний	68
6.	Мұнай өнімдері	536
7.	Нитраттар	2
8.	Жалпы темір	268
9.	Сульфаттар (анион)	0,8
10.	Өлшенген заттар	2
11.	Синтетикалық бетүсті-белсенді заттар	54
12.	Хлоридтер (анион)	0,2
13.	Алюминий	54

5. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақы ставкалары мыналарды қ ұ р а й д ы :

Р е т №	Қалдықтардың түрлері	Төлемақы ставкалары (АЕК)	
		1 тонна үшін	1 гигабек-керель (Гбк) үшін
1.	Өндіріс пен тұтынудың қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастырғаны үшін:		
1.1.	Коммуналдық қалдықтар (тұрмыстық қатты қалдықтар, тазарту құрылғыларының кәріздік тұнбасы)	0,38	
1.2.	Қауіптілік деңгейін ескере отырып, өнеркәсіптік қалдықтар:		
1.2.1.	"кызыл" тізім	14	
1.2.2.	"янтарь" тізім	8	
1.2.3.	"жасыл" тізім	2	
1.2.4.	жіктелмегендер	0,9	
1.3.	Бұдан басқа:		
1.3.1.	аршынды жыныстар	0,004	
1.3.2.	жанас таужыныстары	0,026	
1.3.3.	байыту қалдықтары	0,02	
1.3.4.	шлактар, шламдар	0,038	
1.3.5.	күл мен күлшлактар	0,66	
1.3.6.	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары	0,018	
2.	Радиоактивтік қалдықтарды орналастырғаны үшін, гигабеккерельмен (Гбк):		
2.1.	Трансуранды		0,76
2.2.	Альфа-радиоактивті		0,38
2.3.	Бета-радиоактивті		0,04
2.4.	Шынақты радиоактивті көздер		0,38

6. Күкіртті орналастырғаны үшін төлемақы ставкалары бір тонна үшін 7,54 АЕК-ті қ ұ р а й д ы .

7. Мынадай коэффициенттер қолданылады:

1) коммуналдық қызметтер көрсету кезінде түзілетін эмиссия көлемі үшін табиғи монополия субъектілері мен Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдары үшін осы бапта белгіленген төлемақы ставкаларына:

1 - тармақта – 0,3 коэффициенті;

4 - тармақта – 0,43 коэффициенті;

5-тармақтың 1.3.5.-жолында – 0,05 коэффициенті.

2) коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар үшін тұрғылықты жері бойынша жеке тұлғалардан жиналған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін 5-тармақтың 1.1.-жолында белгіленген төлемақы ставкасына 0,2 коэффициенті қолданылады.

8. Осы шешімнің 7-тармағында көзделген коэффициенттер қоршаған ортаға

эмиссиялардың нормативтерден тыс көлемі үшін төленетін төлемақыға тарамайды.

9. Белгіленген лимиттерден асып түскен қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкалары осы шешімде белгіленгеннен он есеге ұлғаяды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК